

сақталуға тиісті құжаттарды ресімдеу және есепке алу тәртібі және құжаттардың сақталуын ұйымдастыру жөніндегі талаптар туралы нұсқаулық жөнінде" 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 351 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 2 қыркүйек N 335. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 24 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1983. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 320 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 320 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) .

Екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктерде сақталуға тиісті құжаттарды ресімдеу және есепке алу тәртібі және құжаттардың сақталуын ұйымдастыру жөніндегі талаптар туралы нұсқаулық жөнінде" 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 351 V960434_ қаулысына мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктерде сақталуға тиісті құжаттарды ресімдеу және есепке алу тәртібі және құжаттардың сақталуын ұйымдастыру жөніндегі талаптар туралы нұсқаулықта:

N 1 қосымша мынадай редакциядағы 122-1-жолмен толықтырылсын:

122-1 !Республикалық және жергілікті бюджеттердің!тұрақты !тұрақты
!қаражаты есебінен берілген заемдар бойынша! !
!құжаттар (өтініштер, заем шарттары, есептер,! !
!жазысқан хаттар және басқалар) ! !

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу

ш а р а л а р ы н

қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінің Мұрағаттар мен
құжаттамаларды басқару жөніндегі

комитетінің төрағасымен

2002 ж. 12 қыркүйек